

**Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін 2016 жылы көтерме жәрдемақы және әлеуметтік қолдау ұсыну туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл мәслихатының 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 48/300 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 қаңтарда N 3562 болып тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабы 8-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2016 жылы жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы өтініш берген сәттен бастап ұсынылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2016 жылы тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін маманмен өтініш берілген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау өтініш берген сәттен бастап ұсынылсын.

3. Осы шешімнің 1, 2 тармақтарының күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына қолданылады.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
сессия төрайымы*

*Ғ. Аманжолова*

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
хатшысы*

*Т. Мұқашев*